

ЖАҢАЛЫҚТАР

Ресей күштері шабуылынан Херсонда алты адам өлді


20 тамыз 2026 жыл, 07:30



Житомир облыстық полициясы басқармасына дронмен жасалған шабуылдың салдары. 19 тамыз, 2026 жыл. Украина Ұлттық полициясы жариялаған фото.

19 тамыз күні түстен кейін Ресей күштері Украинаның Житомир қаласына әуеден шабуыл жасады. Житомир облыстық полициясы басқармасы ғимаратына дрон түскенін аймақ әкімшілігінің басшысы **Виталий Бунечко** Telegram-арнасында жазды.

Житомир Головне
Forwarded from Захід Головне



! 😡 Моменти вибухів у Житомирі
потрапив на відео

📌 Захід Головне
Надіслати новину | Наші медіа



149



70



41



12



2



1

15.3K 👁 Aug 19 at 14:00

Кейінірек Ұлттық полиция шабуыл салдарынан екі полиция қызметкері қаза тапқанын хабарлады. Шамамен 40 адам жараланған. Шабуылға ұшыраған жердің фотосуреттері де жарияланды.

Сәрсенбі күні таңертең Ресей күштері Херсонның Корабельный ауданында микроавтобуска дронмен шабуыл жасаған. Херсон облыстық әкімшілігінің

басшысы [Александр Прокудин](#) шабуыл салдарынан төрт кісі қаза тауып, бес адам жараланғанын хабарлады.

Бұған қоса, 19 тамызда Херсонның басқа аудандарына жасалған дрон шабуылдары салдарынан [тағы екі адам](#) – көлік жүргізуші әйел және 62 жастағы қала тұрғыны қаза тапқан. Ресей күштері Херсонға күн сайын дронмен шабуыл жасап келеді. Telegram-арналары таратқан видеоларда ресейлік FPV-дрондардың Херсон көшелерінде бейбіт тұрғындарды "аңдып-аулап" жүргені көрінеді.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Украинадағы Печенегі кентінде зымыран шабуылынан 10 адам қаза тапты
- Ресей әскері Киев пен Кривой Рогты зымыранмен атқылады
- Ресей Сумы қаласын әуеден бомбалап, оннан астам адам зардап шеккен
- Украинада көкөніс сатушыға дрон шүйлікті
- Киев пен Киев облысында Ресейдің әуе шабуылынан кемінде 17 адам қаза тапқан

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ